

# ДАМУ

д а й д ж е с т

№1 (2) 2026

«Даму» Қорының  
кәсіпкерлерді қолдау  
құралдарында  
қандай өзгеріс бар?

**2025 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**



# Мазмұны

- 3 ♦ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасы Ф.Қ.Сәрсекеевтің алғысөзі
- 4-7 ♦ Субсидиядан бас тарту. Несие беру, бермеуді кім шешеді?
- 8 ♦ Басқарма төрағасының орынбасары А.Мұстафин КИМЭП студенттері алдында қонақ дәріс оқыды.
- 9-15 ♦ «Бюджеттің әр теңгесі экономиканы дамытуға жұмыс істеуі тиіс»: Қор мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін қалай қадағалайды?
- 16 ♦ S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігінің берген рейтингі
- 17-25 ♦ Проекты введенные в эксплуатацию 2026 году.
- 26-29 ♦ Директорлар кеңесі 2025 жылды қорытындылады
- 30-31 ♦ Фонд внедряет GovTech-решения для повышения прозрачности и эффективности господдержки
- 32-34 ♦ «Ашық есік» күндері
- 35-36 ♦ Статья про Главного менеджера РФ по Павлодарской области Мадину Баденову
- 37-40 ♦ «Даму-Өңірлер». Павлодарский филиал
- 41-44 ♦ «Даму-Өңірлер». Шымкент қалалық филиалы
- 45-49 ♦ «Более 2,3 тысячи проектов МСБ получили поддержку по программе «Өрлеу»
- 50-52 ♦ Проект «Рекомендуемые консалтинговые компании
- 53-55 ♦ Первый льготный кредит в цифровом тенге»
- 56-57 ♦ Қарбыз өсіретін бағбан қалай тыңайтқыш өндіру зауытын ашты?
- 58 ♦ «QMP Qazmedpribor» ЖШС — Қазақстандағы медициналық жабдықтар шығаратын ірі зауыттардың бірі
- 59-60 ♦ Итоги 2026 года в цифрах
- 61-63 ♦ Итоговый рейтинг региональных филиалов
- 64-66 ♦ Бірыңғай фронт-офис

«Даму» Дайджест  
электронды  
журналы №1 (2) 2026

Журнал қазақ және  
орыс тілінде шығады.

**Бас редактор:**  
Зәуре Зақанқызы

**Жобаға қатысқандар:**  
Қуандық Абзал  
Асель Камалиденова  
Жалғас Бекпаев  
Елдос Абыканов  
Валиева Тахмина  
Динара Жәркеева  
Мадина Баденова  
Сабыржан Исаков

**Дизайн мен беттеу:**  
Карина Ли

Фотосуреттер  
ЖШС/ЖК  
иелеріне тиесілі

Меншік иесі:  
«Даму» кәсіпкерлікті  
дамыту қоры» АҚ

Мекенжай:  
ҚР, Алматы қ,  
А05С9У3.  
Гоголь көш, 111

E-mail:  
info@fund.kz

Тел:  
+7 (727) 244 55 66

Call-орталық (тегін)  
1408

## Қымбатты әріптестер!

Дамыған ел экономикасының діңгегі – шағын және орта бизнес екені белгілі. Біздің елімізде де микро, шағын және орта бизнестің рөлін арттыруды көзейдін мемлекеттік бағдарламалардың – «Даму» Қоры.

Атап айтқанда, Қор пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, несиеге кепілдік беру, ЕДБ, лизингтік компаниялар арқылы жеңіл несиелеу, сондай-ақ кәсіпкерлерді оқыту және оларға кеңес беріп, жөн сілтеу арқылы қолдау көрсетеді.

Бүгін назарларыңызға ұсынып отырған «Даму Дайджест» журналының 2025 жылды қорытындылаған санында осы қолдау нәтижелерінің бір парасы ғана көрініс тапқан. Атап айтқанда былтыр қолданысқа берілген жобалардың бірнешеуімен танысып, дәстүрлі «Табыстылар тарихы» айдарында Қордан қолдау алып, ісін дамытып отырған компаниялармен таныстырамыз.

Мысалы Қазақстандағы медициналық жабдықтар шығаратын ірі зауыттардың бірі — «QMP Qazmedpribor» ЖШС жайлы, бір кездері қарбыз өсіріп, жақсы өнім алуды армандаған бағбанның қазір фермерлерді сапалы минерал тыңайтқыштармен қамтамасыз ететін «Агрохимсервис-С» ЖШС атты зауытты басқарып отырған табыс тарихы жайлы материал бар.



Журналдың белсенді авторларымен де таныс болыңыздар. Бүгін Қордың Павлодар ӨФ Бас менеджері Мәдина Баденова дайындаған авторлық сторителлинг Павлодар өңірлік филиал тыныс тіршілігінен хабар берсе, журнал үздік менеджерлердің бірі Мединаның өз образын да жақсы ашқан. Шымкент қаласындағы ӨФ Бас менеджері Сабыржан Исаков жолдаған осы мазмұндағы материал да оңтүстік мегаполис экономикасын қамтиды.

Сондай-ақ Қор басшыларының сұқбаты, Қордағы жаңалықтар, мемлекеттік бағдарламалар, тағы басқа да көптеген пайдалы мәліметтермен таныс бола аласыздар.

**Құрметпен,**

**Сәрсекеев  
Фархат Қайнарұлы**

# «Даму» субсидиядан бас тартты. Несие беру, бермеуді кім шешеді?



## Қордағы 2025 жылғы өзгерістер

Шет елдік тәжірибелерді зерттей келе, Қор қолайлысын енгізіп жатыр. Жеке қоржында шағын және орта бизнесті қолдайтын бірнеше қаржы құралы бар. Ол – несиені субидиялау, несиеге кепілдік беру және жеңілдікпен қаржыландыру.

**«Даму» Қорының нарықта Үкіметтің ШОБ қолдау бағдарламаларының операторы ретінде жұмыс істеп келе жатқанына 28 болды.**

2025 жылдың басынан бергі ең басты өзгеріс – субсидиядан бас тартып, басқа механизмге көшу болды. Ол не үшін жасалды? Мақсаты мен бұдан арғы стратегия қандай? ШОБ-тың ел экономикасының жалпы ішкі өніміндегі үлесі қазір 40 пайыз. Ал дамыған елдерде бұл 50 пайыздан асады. Қазақстандағы 9 млн еңбекке жарамды азаматтың ішінде 4,3 млн адам осы салада еңбек етіп жүр. Қордың мақсаты, стратегиясы соны ары қарай сапалы дамыту.



## Субсидиядан неге бас тарттық

Әлемдік тәжірибеде субсидия – дағдарыс кезінде қолға алатын, бірақ қысқа мерзімде ғана пайдаланатын құрал. Қазақстанда пандемия кезінде мемлекет оған жақсы қаржы бөліп, шағын және орта бизнеске шектеусіз, жақсы қолдау көрсетті. Енді 2025 жылдың басынан бастап Қор субсидиядан бас тартып, жеңілдікпен несиелеу бағытына ауысты.

## Субсидияның орнын не басады?

Қор үкіметтік бағдарламалардың операторы болғандықтан, бұл – Үкіметтің шешімі. Оның орнына даярланып, нарыққа шығарған бағдарламаның аты: «Өрлеу». Бұл бағдарламаның ерекшелігі – кәсіпкерлер екінші деңгейлі банктерден өзгермейтін, бекітілген, жеңіл пайызбен несиеле алады. Қаржыландыру көзіне келер болсақ, 50 пайызы Қордың қаражаты, елу пайызын банктер нарықтан тартады. Бұл бағдарлама барлық салаларды қаржыландырмайды. Экономиканың басымдық берілген салалары таңдалды. Ол: өңдеу өнеркәсібі, ауыл, орман және балық шаруашылығы, қалдықтарды жинау және қайта өңдеу, көлік және қоймалау, тұрғынжай және тамақтану, жылжымайтын мүлік операциялары, білім, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қамтамасыз ету, ірі қара малды сүт бағытында өсіру. 7 млрд теңгеге дейін, 10 жылға дейін 12,6 пайызбен несиеле ретінде беріледі.

Қанша кәсіпкер қаржыландырылды

Биыл жыл басынан бері  
**2,3 жобаға**

**594,4**  
**млрд тг**  
несиеле бердік



## Қандай жобалар қаржыланды

**Бірнеше мысал келтіре кетсек: мысалы Түркістан облысы, Түлкібас ауданында шет елге экспортқа жылына 120 мың тонна өнім шығаруға әлеуеті бар зауыт салынды. Тағы бір мысал, Алматы облысындағы Іргелі ауылында 2800 бала сиятын мектеп салынды. Бұл сол ауданның мектепке деген мұқтаждық мәселесін шешті.**

Оған дейін **5000 орындық** тапшылық болған. Олардың барлығы Алматыға қатынап оқып, «Алтын орда» маңындағы кептеліске түсетін. Жеке кәсіпкер «Өрлеу» бағдарламасы бойынша **12,6 пайызбен** жеңіл несиеле алып, мектеп салып, сол проблема шешілді.



## Нарықтағы несие мөлшерлемесі қандай?

Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі 18 екенін ескерсек, оның үстінен екінші деңгейлі банк өзінің 4-5 пайызын қосады, сонда нарықтағы несие мөлшерлемесі кем дегенде 21-22 пайызға шығады.

## Қор бағдарламасы арқылы берілетін несие мөлшерлемесі қандай?

Мемлекеттік бағдарлама пайызы нарықтан төмен. Бір жағынан – бұл субсидия қаржысы секілді бюджетке тәуелді емес. Ол дегеніміз – кәсіпкер 10 жылдың ішінде инфляцияға қарамастан бекітілген пайызбен төлеп отырады.

## Нарықта Қордың бағдарламаларына қатысуға көмектесем дейтін инфо-алаяқтармен күрес. Қор не ұсынады

Кәсіпкерлер мемлекеттік бағдарламалар бойынша консультация алу үшін Қордың филиалдарына, ресми ресурстарға жүгіне алады, 1408 колл-орталығы да бар. Дегенмен бұрын енді кәсіп ашқысы келген бірақ, қаржылық операциялардан хабары жоқ адамдар консалтинг ұйымдар мен жеке кеңесшілерге жүгінеді. Олардың ішінде кезінде банкте, Қорда немесе басқа да қаржы ұйымдарында істеп, қазір ақшаға қолдау көрсетуге дайын қызметкерлер бар. Қор бұны зерттей келе шешім қабылдады. Шет ел тәжірибесін зерттей келе, Англияда осындай жағдайда арнайы ресми консалтинг компанияларды аккредитациялағанын анықтап, Қазақстанда да осылай реттеу жайлы шешім қабылданды. Яғни, біріншіден ол мамандарды Қордың қауіпсіздік департаменті алаяқ болмауын тексереді, екіншіден тәжірибелі, білімді мамандар болуын ескеріп жинап, пилоттық режимде «Консалтинг компанияларды ұсыну» жобасы қолға алынды.

## Несие қайтара алмайтын жағдай

Әрине, ондай жағдайлар да болады. Бұл – «бизнес-риск» деп аталады. Дегенмен несие зерттеліп, кәсіпкердің әлеуетін зерделеп барып бөлінеді. Әрі «Даму» қоры кепілдік те береді. Ол – кәсіпкер қайтара алмаған жағдайда қарызын жауып беретін құрал.

## Қайтпаған несие көлемі

Экономиканы алып қарар болсақ, банктерде ондай несиелер үлесі 3% болса, «Даму» Қоры арқылы жүзеге асатын мемлекеттік бағдарламаларда ол 1%.



## Тағы не өзгерді

Субсидиямен қатар, бұған дейін жұмыс істеп келе жатқан кепілдік құралы да өзгерді. Бұл бизнестегі ең басты проблема. Сондықтан Қор халықаралық рейтингінің оң екенін пайдалана отырып кепілдікті шартсыз етті.



## Президенттің тапсырмасымен құрылған қорлар

Екі кепілдік қоры құрылды. Бірінші кепілдік қоры шағын және орта бизнестің **7 млрд теңгеден** аспайтын несиесіне **3,5 млрд теңгеге** дейін кепілдік береді. Екінші Қор ірі инфрақұрылымдық жобаларға қолдау көрсетеді. Оның ерекшелігі – әр жобаның 20 пайызы компанияның өз үлесі болады. 30 пайызына Қор кепілдік береді. Қалған елу пайызы болашақтағы пайда болатын мүлкі – өз кепілзаты болады. Оған несиені «Қазақстан даму банкі», «Өндірісті дамыту қоры» сияқты институттар біздің кепілдікті қабылдай отырып береді.

## Қорларға қаражат қайдан түседі

Қор 15 жылдың ішінде

## 70 мыңнан астам жобаға кепілдік бердік.

Мемлекет қаржы бөлетіндіктен ол тегін болатын. Қазір шет елдің ең жақсы тәжірибелерді зерттей келе, оның ішінде Оңтүстік Корея мен Түркияның кепілдік беру қоры үлгі ретінде алынды. Олардың ерекшелігі – мемлекеттен ақша алмай, банктермен бірлесе отырып қор құрып, 1-1 етіп ұлғайтып, кәсіпкерлерге кепілдік ретінде ұсынуында. Сол бойынша «Даму» да екі Қор құрып, банктерді тартты.



**«Даму» Қоры  
Басқарма  
төрағасының  
орынбасары  
Арсен Мұстафин  
көшбасшылық  
дағдыларды дамыту  
бағдарламасы  
аясында **КИМЭП**  
студенттері алдында  
қонақ дәріс оқыды.**

Сондай-ақ Қордың Басқарушы директоры Жанар Жақаева мен HR директор Анар Мәдиева да студенттердің сұрағына жауап берді.

Бұл бағдарлама – университеттің студенттерді көшбасшылыққа, табысты болуға жетелейтін флагмандық бастамасы. Оның негізгі бөлімі бизнес, саясат, мәдениет секілді салалардағы беделді өкілдермен студенттерді кездестіріп, ынталандырудан тұрады.

Арсен Мұстафин өз сөзінде ШОБ-тың Қазақстан экономикасындағы рөлі мен маңызы, «Даму» қорының қызметі туралы айтты. Қазір ШОБ елдегі барлық кәсіпорындардың 99%-ын құрайды, жұмыс орындарының жартысына жуығын қамтамасыз етеді және ЖІӨ-нің 40%-ы.

Қор жұмыс істеген жылдары жалпы сомасы **15,8 трлн теңгеге 234 мыңнан астам жобаны қолдады.** Цифрландырудың арқасында Қордың бар қызметі онлайн, өтінім қарау мерзімі айтарлықтай қысқарды.



## «Бюджеттің әр теңгесі экономиканы дамытуға жұмыс істеуі тиіс»: «Даму» қоры мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін қалай қадағалайды



**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» арқылы мемлекеттен қолдау алған 14 мыңнан астам жобаға 12 ай бойы тексеру жүргізді.**

Қазақстанда бюджет қаражатының қаншалықты тиімді жұмсалып жатқанын, кәсіпкерлер жиі жіберетін қателіктер және оның қалай алдын алуға болатынын ұсынамыз.

**«Даму» Қоры қазақстандық кәсіпкерлерге қазір қандай қолдау құралдарын ұсынып отыр?**

– «Даму» қоры кәсіпкерлерге негізінен мемлекеттік үш құрал арқылы қолдау көрсетеді. Олар: жеңіл несие, кепілзат жеткіліксіз кәсіпкердің қарызына кепіл болу және пайыздық мөлшерлеменің бір бөлігін субсидиялау. Биыл Қорда ауқымды трансформация өтіп жатыр. Біз кәсіпкерлер үшін үйреншікті құралдарды сақтап қалдық, бірақ олардың ішкі архитектурасын сапалы түрде өзгерттік. Нәтижесінде олар жылдамырақ әрі тиімдірек бола түсті. Сондай-ақ, экономиканың мультипликатив әсері жоғары басым салалары айқындалды. Олар: өңдеу өнеркәсібі, көлік және қойма, туризм, денсаулық сақтау, білім беру.

### – Қолдау құралдарына қандай өзгерістер енді.

Қазір Қор нарықтық емес қолдау механизмдерінен тұрақты әрі ұзақ мерзімді шараларға біртіндеп көшу үстінде. Яғни, мысалы бұрын үнемі пайыздық мөлшерлемелер субсидияланса, енді кепілдік беру мен жеңіл несие беруге басымдық беріледі.

### Бағдарлама шарттары оңтайлы:

- 12,6%-дық мөлшерлеме қарыздың бүкіл мерзімінде өзгермейді.
- Ең ұзақ мерзімі – 10 жыл. Бағдарлама бес басым саланы және жалпы 56 қызмет түрін қамтиды.
- Негізгі ерекшелігі – міндетті түрде «Қазақстанда жасалған» белгісі бар тауарларға қолдау көрсету.

Мұндай тәсіл отандық кәсіпорындардың өнімділігін арттыруға, импортқа тәуелді болмауға, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуды көздейді.

Бағдарламаға екінші деңгейлі банктер белсенді қатысып жатыр. Жалпы 750 млрд теңге қаржының 450 млрд теңгесін екінші деңгейлі бірлесіп бөледі. Біз қазірдің өзінде Halyk Bank, Банк ЦентрКредит, Forte Bank, Bereke Bank, RBK Bank, Freedom Bank, KZI, Еуразия және Nurbank-пен келісімге қол қойылды.

Бағдарлама іске қосылған маусым айынан бері шамамен

**2 329 жобаға**

**594 млрд тг**

қолдау көрсетілді.

Оның жартысы өңдеу өнеркәсібі. несиенің басым көпшілігі инвестицияға берілген. Сонымен қатар бағдарламаға қатысушылар Қордың кепілдігін де пайдалана алады.

Кепілдік беру құралы бойынша биыл Мемлекет басшысының тапсырмасымен **7 млрд теңгеге дейінгі және 7 млрд теңгеден** жоғары несиені қажет ететін жобалар үшін екі жаңа кепілдік қоры іске қосылды.

Енді кәсіпкерде кепілзат жеткіліксіз болған жағдайда, «Даму» қоры **7 млрд теңгеге** дейінгі жобаларға кепілдікті өте қысқа мерзімде – небәрі 2 жұмыс күні ішінде береді. Бұл портфельдік кепілдендірудің арқасында мүмкін болып отыр. Кепілдік несиеге, лизинг мәмілелеріне және келісімшарттарды орындауға, несие сомасының 85%-на дейін беріледі. Бірақ кепілдік сомасы 3,5 млрд теңгеден аспайды.

Кепілдік бағдарламасына келер болсақ, біз басым салалар ғана емес, басым салалар тізіміне жатпайтын жобаларға да кепіл боламыз. Тізімге 60-тан астам ЭҚЖЖ (ОКЭД) енгізілген. Сәуір айынан бері біз несие сомасы 225 млрд теңгеден асатын 1,3 мыңнан астам жобаға кепілдік бердік. Кепілдіктің жалпы сомасы – 122 млрд теңгеден көп.



Ірі жобалар бойынша да алғашқы кепілдік мақұлданды. Ол – Алматы облысында көкөніс пен жемістер өңдеу зауытының құрылысы.

Жоба жалпы құны

**9,5 млрд тг**

болса


оның

**2,8 млрд тг**

кепілдік бердік.

Қазір Қорда жалпы құны **996,7 млрд теңгені** құрайтын, жалпы кепілдік сомасы – **290,2 млрд теңгелік** тағы 18 ірі жоба қаралып жатыр. Сондай-ақ банктердің қарауында шамамен **40-тай жоба** бар.

Ірі инвестициялық жобаларға қояр біздің талаптарымыз: міндетті түрде басымдық еберілген салаға жатуы тиіс және кәсіпкер жоба құнының кемінде 20%-ына өз қаражатын салуы қажет.



Қаржылай қолдаумен қатар, Қор **«Заманауи кәсіпкер»** атты тегін оқу курстарын өткізеді.

Былтыр бұл курстарда шамамен

**2 996 адам**

оқыды

Сондай-ақ, біз Ғылым және жоғары білім министрлігімен меморандумға қол қойып, кәсіпкерлерге арналған қысқа мерзімді курстар мен біліктілік арттыру бағдарламаларын ЖОО және ЖОО-нан кейінгі ұйымдар базасында ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз.

Осы барлық шаралар кәсіпкерлердің қаржыландыруға қол жеткізе алып, өз жобаларын дамытуын көздейді бағытталған.

## «Іскер аймақ» бағдарламасы аясындағы оқу

«Даму» Қоры «Іскер аймақ» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге базалық оқу модульдері мен салалық онлайн курс ұсынады

Оқу 5 модульден тұрады:

### 1-модуль

Бизнестің қаржылық және құқықтық негіздері

### 2-модуль

Сауда және маркетинг

### 3-модуль

Команда және басқару

### 4-модуль

Бизнесті цифрландыру және автоматтандыру

## Салалық курстар

«Іскер аймақ» бағдарламасы аясындағы оқытудың қорытынды кезеңі ретінде жекелеген қызмет салаларының ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген салалық курстар ұсынылады. Қатысушылар өндіріс технологиялары, жабдықты таңдау, шикізат сатып алу, сондай-ақ өткізу процесін ұйымдастыру және нарықтармен жұмыс істеу бойынша қолданбалы білім алады. Салалық оқыту тәжірибеге бағытталған және кәсіпкерлерге алған білімдерін өз саласы мен өңірінің ерекшеліктерін ескере отырып қолдануға мүмкіндік береді.



### Кәсіпкерлерді қолдаудың қазіргі көрсеткішін қандай?

– 2025 жылдың 12 айында жалпы қолдау құралдары аясында шамамен **13 мың жоба қолдау алды**. Ондағы несиенің жалпы сомасы – **2 212,2 млрд теңге**:

- несие сомасы **433,2 млрд теңге** болатын  
■ **3 831 жоба** субсидия алса;
- несие сомасы **961,3 млрд теңге** болатын  
■ **5 657 жобаға 574,3 млрд теңге** кепілдік берілген;
- жеңілдікпен қаржыландыру аясында – **3**  
■ **484 жоба 817 млрд теңге** несие алды.



### – Кәсіпкер қордан қолдау алғаннан кейін не болады? Жобалардың жүзеге асатыны қалай қадағаланады?

– Ескеретін маңызды бір жайт – мемлекеттен қолдау алған кәсіпкер мойнына белгілі бір міндеттемелер алады. Атап айтқанда: қарызды құжатта көрсетілген мақсатта жұмсау, тиімділік критерийлерін сақтау немесе мойнына алған міндеттемелердің үдесінен шығу. Әрбір бағдарламада бенефициар орындауы тиіс негізгі индикаторлар айқын жазылған. Ол – салық түсімін арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, еңбекақы қорының өсуі және т.б.

Әрине, Қор осы міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізеді. Бұл нормалар ҚР Кәсіпкерлік кодексінде бекітілген.



### – Мониторинг процесі қалай өтеді?

– Біз қарыздың мақсатты пайдаланылуын тексереміз дедім ғой. Яғни кәсіпкер қаражаттың нақты жоспарлы мақсатта жұмсалғанын растауы тиіс. Мысалы, ол жабдық сатып алды, жеткізушімен тауар жеткізу келісімшартын жасасты немесе бизнес-жоспарға сәйкес жобасын жүзеге асырды. Бұл – дұрыс. Бірақ мұның бәрі құжатпен расталуы тиіс. Егер кәсіпкер балабақша ашам деп жеңіл пайызбен несие алып, оның орнына монша кешенін салып алса – мақсатсыз пайдалану деген осы. Қор осыны қадағалайды.

Сондай-ақ мойнына алған міндеттемелердің орындалуы да тексеріледі: жұмыс орындарының саны артты ма, салық төлемдері көбейді ме, еңбекақы қоры өсті ме. Біз үшін бюджеттің әр теңгесінің дұрыс мақсатқа жұмсалғаны және ел экономикасының дамуына жұмыс істегені маңызды.

### – Егер кәсіпкер шарттарды орындамаса, санкция қолданыла ма?

– Мониторингтің басты мақсаты – жазалау емес, жобаның жүзеге асып, мемлекет бөлген қаражаттың тиімді жұмсалғанын растау.

Сондықтан біз алдымен кәсіпкерді алда тексеріс болатынын ескертеді. Бұдан бөлек, 2023 жылдан бері бізде мобильді қосымша жұмыс істейді. Онда кәсіпкерлер сатып алған активтері, құжаттары мен фотоларын онлайн жүктей алады. Бұл – тексеру рәсімін айтарлықтай жеңілдетіп, тікелей байланыстарды азайтады.

Тек құрылыспен байланысты жобаларға ғана онлайн рәсім жүрмейді. Оларды міндетті түрде барып, жұмыстың қалай жүріп жатқанын көру керек.

Егер мониторинг барысында шарт бұзу анықталса немесе объективті себеппен жобаның іске қосылуы кешіксе, кәсіпкерге қосымша уақыт беріледі. Тек елеулі және өзгертуге келмейтін шарт бұзушылықтар болған жағдайда, мысалы, жоба құжат жүзінде де, іс жүзінде де бағдарлама шартына сай келмесе шара қолданылады. Ол шара – кепілдікті жою немесе бұрын төленген субсидия сомасын қайтару болуы мүмкін. Бұл – ең соңғы шара.

Мониторинг толық жүреді. Әдейілеп шарт бұзу фактілері ерте ме, кеш пе анықталады. Сондықтан адал кәсіпкерлер жоғарыда айтылған шараларға алаңдамауы тиіс.

### – Биыл қанша тексеріс болды және шарт бұзу қаншалықты жиі кездесті?

– 2025 жылдың 12 айында 14 663 жобаны беріледі. Шарт талаптарын бұзғандар үлесі жалпы қолдау алған жобалардың 10%-ы.

### – Қай салаларда жиі қателік болады?

– Көбінесе сауда саласында қаржы мақсатсыз жұмсалады. Екінші орында – өңдеу өнеркәсібі, одан кейін – тұрғынжай мен тамақтандыру қызметі. Сондай-ақ көлік және қоймаға салу, ауыл, орман және балық шаруашылығында да болып жатады.



**– Ең көп кездесетіні қандай заңсыздық?**

– Ең кең тарағаны – қаражатты қалай жұмсағанын растайтын құжат көрсете алмау. Яғни кәсіпкер ақша жұмсайды, бірақ, шот-фактура, тауар-ілеспе құжатпен дәлелдей алмайды.


Кейде кәсіпкерлер қаражатты қолма-қолға айналдырады. Бұл да үлкен қателік. Себебі мұндай шығындарды құжатпен дәлелдеу мүмкін емес. Бұдан бөлек, келісімшарт шарттарына сай келмейтін салмақты жайттар бар. Ол: ЭҚЖЖ-ға сәйкессіздік, артық пайда көру үшін ережені бұзу. Мысалы, бір кәсіпкер бірнеше компания тіркеп, бір активті өзара қайта сатып алады. Осылайша, көзбояу мәміле арқылы мемлекеттік бағдарламадан негізсіз көбірек қаражат алады.

Кейде активтер жалған тұлғаларға қайта рәсімделеді. Яғни бастапқыда кәсіпкердің атына жазылған мүлік қарыз алар алдында үшінші тұлғаға өткізіледі, ал кейін несие сол активті «қайта сатып алуға» жұмсалады.

Сонымен қатар, кейбір кәсіпкерлер жалпы салық режиміне өтпеу үшін ресми түрде қызметін тоқтатады немесе жабады да, жеңілдетілген режимде қалып қояды. Бұдан бөлек, жалған мәмілелер де тіркеледі: мысалы, құрылыс-монтаж жұмыстарына шығындар көрсетілгенімен, іс жүзінде ол жұмыстар орындалмаған.

**– Кәсіпкерлерге осындай қателіктерден**

– Ең бастысы – бағдарлама шарттарын және келісімшартты мұқият оқу, өзіне артылар міндеттемелерді түсініп алу. Егер сұрақтар туындаса, Қордың барлық өңірде филиалы бар. 1408 нөмірі бойынша call-орталыққа қоңырау шалуға немесе [www.damu.kz](http://www.damu.kz) сайтынан танысуға болады. Қор әрдайым кеңес беруге және көмектесуге дайын.



## S&P Global Ratings

S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Қордың рейтингі бойынша болжамды «Тұрақты»-дан «оң»-ға қайта қарады, сондай-ақ

# BBB- / A-3

деңгейінде шетел және ұлттық валютадағы міндеттемелер бойынша ұзақ мерзімді рейтингін растады.

Сондай-ақ Қордың ұлттық шкала бойынша рейтингі **«kzAAA»** деңгейінде расталды.

# От производства до социальной инфраструктуры: какие проекты запущены при поддержке Фонда «Даму»



В 2025 году при поддержке Фонда «Даму» введено в эксплуатацию



свыше **2,7 тыс. новых предприятий**

в промышленности, образовании и сфере услуг.

На реализацию новых проектов направлено



**733,3 млрд тенге**

что позволило обеспечить рост инвестиционной активности, расширение производственных мощностей и формирование дополнительной экономической стоимости в регионах.

Лидерами по количеству введённых в эксплуатацию предприятий стали **г. Алматы, г. Астана и г. Шымкент**, на которые совокупно приходится 28,7% всех проектов.

Средний объем финансирования на один проект составил




**262 млн тенге**

что отражает инвестиционную направленность поддержки.


Отраслевая структура профинансированных проектов демонстрирует концентрацию инвестиций в секторах, формирующих устойчивую экономическую базу.



Обрабатывающая промышленность



Транспорт и складирование



Образование



Туризм



Здравоохранение

Ввод новых предприятий в 2025 году обеспечил создание



**более 6 тыс. постоянных рабочих мест**

в среднем на один проект приходится 2-3 рабочих мест. Это формирует устойчивые поступления в бюджеты всех уровней за счет индивидуального подоходного налога и социальных отчислений.

## Завод по производству жидкого азота и кислорода в Атырау

Проект **ТОО «TenizEcoService»**, реализованный на территории специальной экономической зоны в Атырау, является примером капиталоемкого промышленного инвестпроекта.



Инвестиции в строительство и оснащение завода составили

**4,577 млрд тг**

из них **1 039 500 000 тг** и **1 млрд тенге** субсидировано по отдельности.



Производственная мощность

**до 750 тонн**

продукции в месяц, что обеспечивает стабильную загрузку предприятия.



Проектом создано

**25 рабочих мест**

прогнозируемый объем выручки составляет \_\_\_ млрд тенге в год.



## Новая школа в Туркестане

Средняя школа «Ағарту» им. Иманқұла Ибраева, открытая в августе 2025 года, реализована за счет заемного финансирования в объеме **1,2 млрд тенге**, из них **1,0 млрд тенге – заемные средства**.




Проект ориентирован на долгосрочную эксплуатацию и формирование устойчивой занятости: создано

### 25 рабочих мест

Дополнительный экономический эффект выражается в развитии социальной инфраструктуры и повышении инвестиционной привлекательности района.



## Современное производство стеклопакетов в Шымкенте



Проект **TOO «Euro Glass»** стал одним из значимых частных вложений в промышленную инфраструктуру города. Объем инвестиций составил **3,0 млрд тенге**, из них **поддержанная сумма Фондом – 400,0 млн тенге**. Запуск высокотехнологичного оборудования в июне 2025 года позволил предприятию выйти на промышленные объемы производства и занять устойчивую позицию на региональном рынке строительных материалов.

Финансовые результаты 2025 года подтверждают эффективность инструментов Фонда «Даму» как механизма стимулирования инвестиционной активности и расширения производственной базы. Ввод новых предприятий обеспечил рост капитальных вложений, создание рабочих мест и формирование дополнительного фискального эффекта, закладывая основу для устойчивого экономического развития регионов.

## Больничный комплекс Национального научного медицинского центра в Астане

Проект **ТОО «Mixel Health»**, реализованный совместно с АО «Национальный научный медицинский центр», направлен на развитие высокотехнологичной медицинской инфраструктуры столицы. В рамках проекта построен дополнительный больничный комплекс, позволивший увеличить коечный фонд центра **с 300 до 500 мест**, а также оснастить учреждение современной лабораторией и операционными блоками.



**Финансирование проекта обеспечено при поддержке Фонда «Даму» через инструмент субсидирования процентной ставки. Общая сумма кредита составила 4,6 млрд тенге.**

Национальный научный медицинский центр более 20 лет оказывает многопрофильные медицинские услуги с применением передовых технологий и является ключевым центром страны по направлениям кардиохирургии, аритмологии, клеточных технологий и других высокотехнологичных медицинских услуг. Реализация проекта способствует расширению доступа населения к качественной медицинской помощи и формированию новых рабочих мест. Центр также выполняет образовательную функцию, проводя повышение квалификации медицинских специалистов из регионов Казахстана и способствуя развитию медицинского туризма.

## Премиальный капсульный хостел в Алматы

Проект ТОО «Do-All» реализован в туристически привлекательной части города Алматы и направлен на развитие современной гостиничной инфраструктуры.



В рамках проекта открыт премиальный капсульный хостел Alladin площадью


**600 кв.м**



рассчитанный более чем

**на 89 индивиду-  
дуальных  
капсул**

оснащённых всем необходимым для комфортного краткосрочного проживания.



Реализация проекта стала возможной благодаря финансированию в размере **360 млн тенге** при поддержке Фонда «Даму» через программу «**Өрлеу**», а также механизма **гарантирования**. Новый объект размещения способствует развитию туристического потенциала мегаполиса и созданию дополнительных рабочих мест.

## Производство упаковочных материалов в Алматы

Проект **ТОО «Qaz Package»** направлен на развитие отечественного производства упаковочных материалов и снижение импортозависимости. В рамках проекта приобретено современное оборудование для выпуска продукции из вспененного полистирола, включая лотки для мясной продукции, тарелки для готовой еды и ланч-боксы.

Финансирование проекта в размере **680 млн тенге** обеспечено при поддержке Фонда «Даму» через инструменты **субсидирования и гарантирования**. Предприятие выпускает 19 наименований продукции, востребованных в пищевой промышленности и сфере общественного питания, что способствует развитию перерабатывающего сектора экономики.



## Производство напитков в Атырау

Проект **ТОО «Assu Company»** направлен на расширение производства безалкогольных напитков в Атырауской области. Предприятие, работающее с 2013 года в сфере производства очищенной бутилированной воды, реализовало инвестиционный проект по запуску новой линии по производству лимонадов, газированных напитков и прохладительных коктейлей.

Поддержка проекта осуществлена через субсидирование процентной ставки по кредиту в рамках государственной программы поддержки малого и среднего предпринимательства. Общая сумма финансирования составила 150 млн тенге. Реализация проекта позволила увеличить количество рабочих мест и обеспечить рост налоговых поступлений, способствуя развитию пищевой промышленности региона.

## Производство геосинтетических материалов в Атырау

Проект **ТОО «Талшыктекс»** направлен на развитие промышленного производства строительных материалов в Атырауской области. В рамках проекта приобретено оборудование для выпуска тканого полипропиленового геополотна, широко используемого при строительстве дорог и инфраструктурных объектов.

Финансирование проекта обеспечено при поддержке Фонда «Даму» через механизм **гарантирования**. Реализация проекта позволила увеличить численность работников предприятия более чем в два раза и способствует развитию промышленного потенциала региона.



## Многопрофильная клиника и реабилитационный центр в Актобе

Проект **ТОО «Aktobe Med Service»** реализован с целью открытия современной многопрофильной клиники и реабилитационного центра **«ERKEMED»**. Инвестиции в проект составили **432 млн тенге** при поддержке Фонда «Даму» через инструменты **субсидирования** процентной ставки и **гарантирования** в рамках программы поддержки малого и среднего предпринимательства.

Клиника оказывает высококвалифицированную медицинскую помощь взрослым и детям, включая диагностику и лечение неврологических, генетических и реабилитационных заболеваний.



рамках проекта создано

**20 новых  
рабочих мест**

а также внедряются современные международные методики лечения.



## Химическое производство в Мангыстауской области

Проект **ТОО «Topan Chemical Industries»** направлен на развитие химической промышленности региона. В рамках проекта построен завод по производству каустической соды и хлорсодержащей продукции с использованием современных технологий грануляции.

Финансирование проекта в размере **600 млн тенге** обеспечено при поддержке Фонда «Даму» через инструмент **субсидирования** процентной ставки.



Запуск предприятия позволил создать

**40 рабочих мест**

и значительно увеличить налоговые поступления, усиливая промышленный потенциал региона.



## Производство пластиковых труб в Актау

Проект **ТОО «Поликомползит»** реализован в специальной экономической зоне Актау и направлен на развитие производства трубной продукции для систем водоснабжения, водоотведения и газоснабжения.

Финансирование проекта обеспечено при поддержке Фонда «Даму» через льготное кредитование по программе **«Өрлеу»**, а также механизм **гарантирования**. Реализация проекта позволила создать новые рабочие места и увеличить налоговые поступления, обеспечивая строительный и нефтегазовый сектор региона конкурентоспособной отечественной продукцией.



# «Даму» Қорының директорлар кеңесі **2025 жылды** қорытындылады

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорында Премьер-Министрдің орынбасары – Қазақстан Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен Директорлар кеңесінің отырысы өтті.

Отырыста Қор қызметінің 2025 жылғы нәтижелері туралы алдын ала есеп қаралып, «Даму» Қорының Басқарма төрағасы Фархат Сәрсекеев баяндама жасады.

2025 жылы «Даму» қорының қызметі субсидиялаудан кепілдік беру механизмдері мен жеңілдікпен несиеленуге қарай ойысып, қолдаудың нарықтық емес механизмдерінен неғұрлым орнықты әрі нарықтық құралдарына кезең-кезеңімен көшуге бет бұрды. Негізгі басымдық өңдеу өнеркәсібі, денсаулық сақтау, білім беру, көлік пен қойма, туризм секілді экономиканың маңызы жоғары салаларын қолдауды көздейді.

Алдын ала деректер бойынша қор активтерінің кіріс көрсеткіші (ROA LTM) 7,6% құрады (2025 жылдағы 11 ай қорытындысы). Бұл – бір жылғы жоспарлы көрсеткіш: 2,6%-дан айтарлықтай асып түсу.

2025 жылы қолдау көрсеткіштері рекордтық нәтиже көрсетті. Атап айтқанда ШОБ былтыр кепілдік құралы аясында **961 млрд**, жеңілдікпен несиелену бағдарламасы аясында **817 млрд**, субсидия аясында **433 млрд теңгеге** қолдау алды.

Қазір Қор барлық  
құралдар бойынша

**13 мыңға**

жуық жобаға

**2,2 трлн тг**

қолдау көрсетті.



## Кепілдік беру

Биыл шағын, орта және ірі бизнесті қолдау үшін «Кепілдік қорлары» құрылды.

### «1-кепілдік қоры»

аясында жалпы сомасы **504 млрд теңгеден** асатын **3,1 мыңнан астам жоба** қолдау алды.



Оның ішінде  
**278 млрд тг**  
– кепілдік сомасы.

Қолдау көрсетілген жобалар ішінде



Несиенің орташа мөлшері  
**174 млн тг**



Кепілдіктің орташа мөлшері  
**96 млн тг**  
болды.

Мақұлданған жобалардың **70%-дан** астамы жаңа өндіріс орындарын іске қосу, жабдықтар сатып алу және ғимараттар салу, инвестиция үшін қаражат алған. Мақұлданған өтінімдердің ең көбі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Ондағы несиенің жалпы көлемі шамамен **39%**. Көлік және логистика, сондай-ақ білім беру салаларында да сұраныс жоғары.

Бағдарламаға елдің барлық өңіріндегі кәсіпкерлер қатыса алады. Қолдау алған жобалар саны бойынша Астана, Алматы қаласы, Ақтөбе және Маңғыстау облысы көш басында. 1-КҚ аясында екінші деңгейлі 11 банк, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «Ақтөбе» ӘКК АҚ келісімге қол қойды.

### «2-кепілдік қоры»



**94,2 млрд теңгеге**  
қаржыланған **5 жоба**



**21,8 млрд теңгенің**  
кепілдігін алды



## Жеңілдікпен қаржыландыру

2025 жылғы маусымнан бастап «Даму» Қоры кәсіпкерлердің бизнесін жылына **12,6%-бен** қаржыландыратын **«Өрлеу»** жеңіл несие беру бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама бойынша Қор мен екінші деңгейлі банктер бірлесіп қаражат бөлу арқылы бизнесті қаржыландыру көзделген.



Бүгінге дейін  
бағдарлама аясында

**2,3 мыңнан  
астам жоба**



Жалпы  
сомасы


**594 млрд тг**  
жеңіл несие алды



Несиенің орташа  
мөлшері шамамен

**255 млн тг**

Жобалардың ішінде



Бағдарламаға елдің барлық өңірінің кәсіпкерлері қатыса алады. Қаржыландыру көлемі бойынша Алматы мен Астана қаласы, Алматы облысы, Шымкент, сондай-ақ Қарағанды мен Қостанай облыстары көш бастап тұр. Бағдарламаға 9 банк қатысады.

Сондай-ақ, ел Президенті мен Премьер-Министрдің цифрлық теңгені пайдалануды масштабтау жөніндегі тапсырмаларына сәйкес «Даму» Қоры Halyk Bank арқылы ұлттық валютаның цифрлық түріндегі алғашқы жеңіл несиесін берді.

## Субсидиялау

Биыл ҚР Сауда және интеграция министрлігінің бұйрығымен бекітілген «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидалары» аясында «Ішкі сауда субъектілерін субсидиялау» құралы жүзеге аса бастады. Бағдарлама республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан басқа елдің **17 өңірінде** жұмыс істеп тұр.

Сонымен қатар, 2025 жылдың желтоқсанында портфельдік субсидия механизмі басталды.



Осы құрал  
аясында

**200 млн тг  
дейінгі**

мәмілелер бойынша 6 банк және 8 лизингтік компаниямен субсидиялау туралы келісімдерге қол қойылды.

Субсидиялау құралы аясында жыл соңына дейін **4,7 мыңға жуық жобаға** шамамен **459 млрд теңге** сома қолдау көрсету жоспарлануда.

Айта кету керек, Қордың кәсіпкерлер алдындағы субсидия бойынша барлық міндеттемелері жыл соңына дейін толық орындалды.



## Отандық өндірушілердің «Ulttyq ónim» көрмесі

2025 жылдың басты жарқын оқиғасы – отандық өндірушілердің «Ulttyq ónim» атты VIII көрмесі болды.

Қазақстанның бар өңірінен жиналған 366 компания өнімдерін EXPO халықаралық көрме орталығында ұсынды. Экспозиция азық-түлік, жеңіл және химия өнеркәсібі, машина жасау, жабдық өндірісі, зергерлік өнеркәсіп және басқа да салалардағы мыңдаған тауарлардың басын бір жерге тоғыстырды. Ондағы барлық компания «Даму» Қорының құралдары аясында мемлекеттік қолдау алған.

Биыл жылы көрмеге келген қонақтар саны 25 600 адам болып, рекорд көрсеткіш тіркелді. Үш күн ішінде 76 млн теңгенің өнімі сатылды, 89,8 млн теңгеге 14 келісімшарт жасалды және ниет туралы 314 шартқа қол қойылды. Іс-шара аясында банктердің топ-менеджерлерінің, серіктестер мен демеушілердің қатысуымен панельдік сессиялар өтті.



Кәсіпкерлер саны

**366**



Жасалған 14 шарттың сомасы

**89,8 млн ТГ**



Сауда көлемі

**76 млн ТГ**



Қол қойылған ниет шарт саны

**314**



# Фонд «Даму» внедряет GovTech-решения для повышения прозрачности и эффективности господдержки

Толкын Данегулова

Управляющий директор  
по цифровизации АО «ФРП «Даму»

АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» последовательно внедряет современные цифровые инструменты, направленные на повышение доступности, эффективности и прозрачности мер государственной поддержки бизнеса. Одним из ключевых направлений этой работы является автоматизация сбора и верификации данных, необходимых для оценки физических и юридических лиц при получении господдержки.

Казахстан сегодня входит в число стран с одними из лучших условий для взаимодействия государства и бизнеса. Этому способствует развитая система электронного правительства, высокий уровень цифровизации госуслуг и качественная телекоммуникационная инфраструктура. GovTech в данном контексте – это не просто технологии, а общегосударственный подход к модернизации публичного сектора, нацеленный на создание простого, эффективного и прозрачного правительства.


Ключевым элементом цифровой трансформации Фонда стало интеграционное взаимодействие с информационными системами и государственными базами данных. Речь идет о формировании так называемой доверенной GovTech-среды – экосистемы, в которой государственные органы и бизнес обмениваются данными в защищенном цифровом контуре.

В 2025 году для взаимодействия с государственными информационными системами Фонд «Даму» внедрил собственную интеграционную шину, которая функционирует в контуре единой транспортной сети государственных органов. Интеграционная шина «Даму» стала центральным узлом обмена данными между разнородными системами и успешно прошла испытания на соответствие требованиям информационной безопасности в рамках объектов «электронного правительства».

Это позволило Фонду получить доступ **к 25 государственным цифровым сервисам**, из которых 11 уже функционируют в промышленной среде, еще 14 находятся на стадии тестирования. Среди них - сервисы Комитета государственных доходов Министерства финансов, Министерства юстиции, Комитета административной полиции МВД и других государственных органов.

Интеграция цифровых сервисов в бизнес-процессы Фонда позволила отказаться от истребования бумажных справок и документов, повысить качество мониторинга использования бюджетных средств и исключить риски подделки подтверждающих данных. Существенно сократилось и время проведения мониторинга, что позволяет Фонду оперативно отслеживать соблюдение условий программ государственной поддержки, контролировать целевое использование бюджетных средств и выполнение предпринимателями встречных обязательств.

Для бизнеса это означает более удобный, быстрый и прозрачный процесс получения господдержки. Для государства - повышение эффективности программ, сохранение и создание рабочих мест, рост налоговых поступлений и усиление экономического эффекта от реализуемых мер. Работа Фонда «Даму» по внедрению GovTech-решений продолжается и остается важной частью системной цифровой трансформации.



# Ашық есік күндері

Кәсіпкерлерді қолдауды ыңғайлы етіп, тиімділігін арттыру мақсатында «Даму» Қорының филиалдары мен бас кеңсесінде жыл бойы **2 мыңға жуық кәсіпкер** Қор басшылары, мемлекеттік органдар, банк өкілдері, заң, бухгалтерия және салық мамандарынан тікелей консультация алған «Ашық есік күндері» өтті. Бұл іс-шараның тиімділігі айқын болды және келесі жылы ауқымдырақ ұйымдастырылмақ.

Осылайша, «Даму» Қорының жұмысында қаржылық жағдай тұрақты, негізгі көрсеткіштер орындалған және кәсіпкерлікті қолдау құралдары едәуір кеңейгені аталды.



## «Даму» Қорының барлық өңірлік филиалында «Ашық есік күні» өтті

«Даму» қоры 2025 жылдың тамыз-қазан айлары аралығында Қазақстанның барлық облысында «Ашық есік» күнін өткізді. Қор басшылары **20 өңірлік филиалда болып**, кәсіпкерлермен еркін диалог форматында кездесіп, Қор құралдары жайлы ақпарат берді.

